

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ-нің
«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Тереңсай ауылы

2023 жылғы 29 желтоқсан

Талдаудың мәні:

- 1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 2) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) Мемлекеттік қызмет көрсету;
- 4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) Бақылау функцияларын іске асыру;
- 6) Ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Талдауды жүргізу мерзімі: 2023 жылғы 29 желтоқсан

Талдауды жүргізу кезеңі: 01 қаңтар – 29 желтоқсан 2023 жыл

Талданатын нысан туралы мәлімет:

Мекен-жайы: Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Тереңсай ауылы, Н.Байғанин к, 2А.

Мектеп құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру мектеп әкімшілігінің негізгі міндеті болып табылады.

Мектеп өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, аудан әкімдігінің қаулыларына, облыстық білім басқармасының және аудандық білім бөлімінің шешімдеріне, мектептің ішкі Ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

2. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы

Мектепте қазіргі таңда 61 қызметкер жұмыс жасауда. Барлық қызметкерлердің жұмыс орны негізгі болып табылады, қоса атқарушы қызметкерлер жоқ. Жыл бойы барлығы 15 қызметкер жұмысқа қабылданған. Оның ішінде педагог – 1, техникалық қызметкер – 14. Техникалық қызметкерлердің ішінде мерзімдік жұмысқа қабылданған тұлғалар – 8. Жұмысқа қабылданған барлық қызметкерлер Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің «Ақпараттық сервис» базасы бойынша тексеруден өткен. Қазақстан Республикасының 18.11.2015жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындау мақсатында мектепте сыбайлас жемқорлыққа

қарсы мәдениетті қалыптастыру және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстар жүргізілген. Жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Еңбек туралы Заңына сәйкес ENBEK.KZ порталы арқылы іске асырылған. Жыл бойы педагог кадрлардың ішінде 2 педагог Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 56-баптың 2 тармағы негізінде жұмыстан босатылды.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысының фактілері орын алмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету.

➤ Мектепте «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру», «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау», «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттар қабылдау», «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау», «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру», «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау», «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметтері көрсетіледі. Аталған мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары, қызметті көрсететін жауапты тұлғалары мектептің ресми сайтында және ғимараттың I қабатындағы арнайы стендте орналастырылған. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мемлекеттік қызметтер бекітілген қағидаларға сай электронды түрде жүзеге асырылуда. Құжаттар қағаз түрінде кеңсе арқылы, электрондық түрде «электрондық үкімет» веб-порталы (*eGov*), *eaktobe.kz* порталы арқылы, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» ҰАК (*ХҚКО*) арқылы қабылданады. Мемлекеттік қызмет көрсету саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Мектеп құзырлығында рұқсат беру функциялары жоқ.

5. Бақылау функцияларын іске асыру

Бақылау функциялары жоқ.

6. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Жыл бойы «Е-өтініш» АЖ бойынша барлық тіркелген өтініштер – 4, оның ішінде түрлері бойынша ұсыныс – 1, басқа (хабарлама, сұрату, үн қосу) – 3. Өтініштерді қарау нәтижесінде 3 өтініш бойынша авторға жауап берілді,

және 1 өтініш әкімшілік рәсімдік процестік кодексі (89, 70-бб) бойынша тоқтатылды. Мерзімі бұзылып қаралған өтініштер жоқ.

«Сенім телефонына» түскен шағымдар жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері мектептің ресми сайтында орналастырылған.

Мектеп директоры



Р.Ж.Кобиланов